

К ИСТОРИИ КАЗАХСКОЙ ФИЛОСОФИИ

ӘӨЖ 1(091)+574

С.Е. НҮРМҰРАТОВ, Б.М. САТЕРШИНОВ

МӘШНҮР ЖУСІП КӨПЕЕВ ДУНИЕТАНЫМЫНЫң ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ

Аннотация

Мәшнүр Жұсіп Көпеевтің дүниетанымының негізгі ерекшелігі - оның діни-этикалық сипаттында. Ойшылдың дүниетанымдық жүйесінде дәстүршілдік пен жаңашылдықтың арасындағы қайшылықтар көрініс табады, ондағы даналық әлемді рухани игерудің өзіндік өлшемі ретінде байкалады және таным субъектісінің образдық түсініктері айқындалған. Қоғам кайраткерінің қызметі қазақ халқының этникалық дүниені түсінінің жана түрін қалыптастыруды қамтамасыз етті. Мәшнүр-Жұсіп Көпееев философиясы қазактардың рухани өмірі туралы және оның құндылықтың әлемі туралы ойтолғауларға толы екені пайымдалды.

Кілтті сөздер:адам, даму, руханият, қоғам, менталитет, тіл, дүниетаным, мәдениет, философия, тарих, құндылықтар, ізгіліктер.

Тарихи тұлғалардың дүниетанымдық тәлтума ерекшеліктерін анықтау барысында қоғамдық ахуалдың даму үрдістерін, олардың өзара ықпалдасу сипаттарын қарастыру қажеттілігі туындаиды. XX ғасырдың басында қазақ қоғамының үлкен этноэлеуметтік кеңістігінде саяси тұрғыдан алғанда сауаттану үрдістерімен қатар оның әлемдік өркениеттегі маңыздылығы жоғары құндылықтар дүниесімен танысуға мүмкіндіктері ашыла бастады. Өз заманының қисынына сай Гашшалық Ресей өзінің боданындағы, тәуеліндегі елдерді барынша қарандылықта ұстамақ болғаны белгілі және оның көптеген мемлекеттік шенеуніктері қазақ қоғамының өркениетті тұрғыдамәдени гүлденуінің қажеттілігін мойындағысы келмеді. Жалпы бұл әлемдік тарихтағы метрополияның колонияға деген жоғарыдан тәмен қарайтын көзқарасы болатын және ол әдетте мемлекеттік деңгейде саналы негізде қалыптасып келетіні де белгілі. Әрине, орыс қоғамының алдынғы қатарлы гуманистік бағдардағы интеллигенциясы отарланған елдердегі адамға, этникалық мәдениетке деген қөзқарастың барынша әдепті, өркениетті болғаның қалғанын да жасыруға болмайды.

Қазақ интеллигенциясының буржуазиялық-демократияға, тіпті, одан кейінгі социалистік революцияға кейір үмітпен қарауының түпкі себебі қазақ қоғамындағы түбекейлімдени-элеуметтік, этникалық қайшылықтардың өткен дәуірлерде шешілмей келуінде болып тұрған еді. Ал, енді Мұстафа Шокай, Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бекейханов, Міржакып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Жұсіп Көпееев және т.б. көптеген қазақ қоғамының бетке ұстар көрнекті қоғам қайраткерлері халық үшін шынайы тәуелсіздік келмей қордаланған қайшылықты мәселелер тиісті шешімін таба алмайтынын білді. Міне, сондыктan алдымен зиялыштар «ұлттық-мемлекеттік автономия» идеясын жүзеге асыруды ойласа, оның арғы жағында егемендік алу, тәуелсіздікке қол жеткізу сияқты қадамдар жасалынатына нық сенімді болатын. Осындай саяси бағдарлар мен әлеуметтік өмірдегі серпілістер қазақ қоғамын барынша тұлете түсті, барынша жандандыра бастады. Сонымен қатар ғасырлар бойы бұйғып келген ұлттық сананың есеюін, өзін-өзі тануын, этникалық «Менінің» негіздерін анықтауын тездедті.

Қоғамдық сананың жоғары руханилыққа, білімділікке қарай ұмтылуы, әрбір азаматтың сауатты да ақылды болуына жол ашу түбінде әлеуметтік дүниедегі жетілуді, үйлесімділікті өркендете түсетініне XX ғасырдың басында өмір сүрген қазақ зиялыштары да ерекше көніл бөліп, үлкен мән беріп отырған. Мәселен, халқының мәдени, азаматтық және рухани жетіліүнің қамын ойлаған Ахмет Байтұрсынов тәмендегідей тұжырымдарын көпшілікке ұсынған еді: «Осындай жұртқа пайдалы, үлгі аларлық жақсы істі жұрттың құлағына салып, біздің айтайын деп отырғанымыз мынау: білім жарысын істеу эр жұрттың қолынан келетін іс. Истейін десе, қазақтың да қолынан келеді. Европадай зор істеуге болмаса да, бойымызға шағынданап, «сабасына қарай піспегі, мұрттына қарай іскегі» дегендегей етіп істеуге болады. Осыны есімізге алып, Европа үлгісін қазақтың мүшесіне лайықтайык»[1]. Сейтіп, қазақ қоғамына XX ғасырдың басында өте қажет болған, әлеуметтік және мәдени дамуға барынша керек өзіндік әмбебап үлгіні Еуропадан, оның мәдениетінен іздеудің арғы жағында қазақ қоғамының жан-жақты жетілу тетіктеріне деген алаңдаушылықтар жатыр деген ойдамыз.

Қазақ зиялышарының көрнекті өкілі, М-Ж.Көпесевтің замандасты, Жүсіпбек Аймауытов өз заманында айтқан мынандай сөздері халыққа деген терең жана шарлығының айғағы болып табылады: «Біздің халықтың ішінде жік те жоқ, құл да жоқ. Біргеңіс өнер, білім алуға құқы бар, ерікті тенденс азаматтары ғана бар екенін белеміз. Біздің мақсатымыз: өнер – білімнің жарық сөулесіне ерікті азаматтарға жол ашу, тұйықта жатқан сансыз таланттардың (озаттықтардың) өрбүіне себепші болу. Сөйтіп, өнер, білім жемісін халыққа тегіс жеткізу әр адамның ақыл күші да мұнына кең майдан ашамыз, көпке бірдей білім негізін құрамыз»[2,128б]. Міне, қоғамдық қайраткердің адамның рухани жетілудің бағытталған идеялары қоғамдық болмыстағы субъекттің белсенділікке шақыруымен ұласады. Сол арқылы қоғамдық қайшылықтарды шешуге болатындығына сенеді. Бұл әрекеттердің түркі негізінде гуманистік ойлау стилі жатыр, адамсүйгіштік қасиеттер жатыр. Жүсіпбек Аймауытовтың әдебиет саласындағы шығармашылығына М-Ж. Көпесевтің діни этикасының әсер еткенін байқаймыз.

Жалпы кезінде тоталитарлық жүйе Ақиқат әлемінен орын теппес деген тарихтың «ақ таңдақтары» бірте-бірте ғылыми кеңістікте мамандар үшін ізденістер ауқымы, нысаны ретінде күн санап ашылу үстінде. Сол рухани құштердің, тарихи деректердің еркіндікке шығу кереметін, яғни басқаша айтқанда халық рухының шабыттық асқақтауын қазіргі заманда өз көзімізben көріп, оның күесі болып отырмыз. Бұл құбылыстар шын мәнінде қазіргі тарихи кезеңнің дәуірлік, шынайы тарихи сипаттамасы болып табылады, этникалық жанғыруымыздың бастамасы болары хак. Кез келген тұлғаның дүниетанымына философиялық сипаттама беру барысында тарихи үрдістің астарында жатқан әлеуметтік психологиялық ерекшеліктер мен этникалық дүиенің онтологиялық іргелі ұстанымдарына тоқтала кеткен жөн. Осы тұрғыдан алғанда дәстүрлі қоғамның құндылықтар жүйесі қоғамның мәндік негізі ретінде өзіндік сыйнектардан ғасырлар бойы өткені де белгілі.

Қазақтардың түркілік дәуірі кезеңінде этикалық ұстанымдарға негізделген дәстүрлі дүниетанымы барынша үстемдікте болғаны мамандарға белгілі. Міне, сондықтан ол өзіне тән іргелі жүйені қалыптастырады. Халықтың дүниетанымының семантикалық дінгегі, онтологиялық тірекі ретінде «құт» ұғымы алынғанын атап өтуге болады. Шыныменде қазақтың ұлттық болмысында «құт» деген терең ұғыммен өмірдің барлық саласы байланыстырылады және ол қарапайым шаруашылық қадамдардан өмірдің мәнін іздеу арқылы терең іірімдерді бойлайтын құрылымдарға дейін қамтиды. Кез келген әлеуметтік немесе рухани құбылыстың мағыналық, мазмұндық, құндылықтың көрінісі жеке адам үшін немесе бүтіндей халық үшін құтты, қайырлы болмаса, онда оның өзіндік келбетінің әлеуметтік субъект үшін мәні де жоғалатыны анық. Бұл тұжырымдар өз кезегінде өткен тарихи кезеңдердегі және қазіргі таңдағы әлеуметтік процеске, әлеуметтік практикаға берілген жаңа-жақты және оңды аксиологиялық сипаттама болары да сезсіз. «Құттың» рухани құндылыққа айналуының өзінде этникалық сананың ерекше көтерілген биігі байқалып отырылады.

Қазақтың менталитеттің жақсы түсінетін адам оның ұлттық дәстүрінде материалдық құндылықтарды иеленуге ұмтылуышылық, оның қызығына дәнігүшілік пен құныгуышылық сияқты әдептерді халқымыз өзінің қоғамдық санасында дәріптемейтіндігін байқайды. Сондықтан да болар мұсылмандық дүниетаным арқылы келген «қанағат», «сабыр», «тәуба» сиықты терең мағыналы ұғымдар халқымыздың әлемді түсіну көкжиегіне үйлесімді сіңіспе кеткені көрінеді. Жоғарыда аталған орнықты рухани құндылықтар, терең рухани тіректер белгілі ойшыл Мәшіхұр Жүсіп Көпесевтың шығармашылығында жиі кездеседі және ол бұл ұғымдардың өзінің дүниетанымына арқау ететінің де байқаймыз. Осындай аксиологиялық астары байқалған дүниетаным жүйесі қазақ ойшылының ерекшелігі ғана емес және ол жалпы түркі әлемінің де ділдік сипаттамасы.

Тұтастанған дүниетанымның иегері әр уақытта елдің бірлігін, мемлекеттің тұтастығын, халқының білімділігін ойлайды. Өзінен гөрі өзгенің қамын көбірек ойлау нағыз руханилықтың белгісі екені анық. Осындай қасиеттердің иегері, қазақтың XX ғасырдың басындағы діни философиясының өкілі Мәшіхұр Жүсіп Көпейұлы болып табылады. XX ғасырдың басындағы ислам әлеміндегі модернистік-ілгерішіл қозғалыс – жәдидшілдіктің усули-и-жәдид (жана әдіс), оқыту әдісін, ғылым-білім мен дін үйлесімділігі туралы тәрбиелілік, өнегелілік маңызы бар пікірлер толғаған ағартушы-ойшыл[3, 86]. Оның халық бірлігін, ұлт тұтастығын негізгі құндылықтың бағдар еткен өмірлік позиция төменгі жыр жолдарынан анық байқалады:

Аскынды болып жара-жауырларым,
Тіптікөк жазулы істі ауырларым.
Бірліккыл, басындықос, пайдандыюла,
Қазагым, қайранхалым, бауырларым[4, 246]

Қазақтың кең даласын өзінің нәзік лирикасымен өрнектей білген белгілі Мағжан Жұмабаев сынды керемет ақынымыз өзінің көркем образдарға толы дүниетанымын поэзиясында жеткізе білген. Ол өзінің «Бір күні» деген философиялық сипаттагы өлеңінде тіршіліктері өзара

бәсекелестің бітпейтін негізінің құпиясын іздейді. Бұл құбылыстың, бұл қатынастың негізінен күшті мен әлсіздің арасында туындастынына оқырманын мегзей келе «осы текетірестің нәтижесі қандай?» деген философиялық сауал да қойып үлгереді. Эрине, «әлеуметтік болмыста, табиғаттағы дай құштіңің басымдық танытатын кезеңі көбірек болады. Ал, енді «жағдай сондай болды екен» деп әлсіздер үнемі жүнжіп журе беру керек пе? Осы жерде ақын «күшсіздер де тырыссын, катар болсын!» деген өз шешімін ұсынады[5, 8-966]. Шыныменде әрбір табиғат мүшесінің, әрбір жеке адамның, әлеуметтік субъектінің ішінде игерілмеген күш бар, ашылмаған мүмкіндіктер бар екені белгілі. Солар дүниеге паш етілгенде ғана ол жаңаша қырынан танылады. Бұл керемет өркендеу заңдылығын Ж.Көпеевтің замандасы Мағжан Жұмабаев барынша түсінікті көркем баяндаулармен өз оқырманына жеткізеді.

Жалаң саясаткершіліктен гөрі, осындағы шығармашылықтың халықтың зердесіне рухани құндылық болып орныға қалар мүмкіндігі көбірек. Себебі, қазақ халқы өлең сөзге, оның қадіріне өте үлкен мән-мағына берген және оны өзінің діліне жақын еткен халық болып табылады. Шын мәнінде Әмір деген үлкен теңіздің бойына бойлау үшін әрбір адамның ішіндегі өзімішлідіктің қорғанын бұзып, оны барынша азайған, басқаша айтқанда зерделенген күйге түсіруі керек. Ол дегеніңіз Мағжан айтқандай «рухани күшсіздердің күшеюін қажет ететін нәрсе». Атақты ақынның болашақ ұрпақты осындағы маңызды нәрселерге назар аудартып отырғанын байқаймыз. Эрине, бұл ойды бұрмалап, тіршілікте басқаша түсінуге тырысқандар өмірдің ашы дәмін тартары анық, руханиасқақтаудың орнына морт етіп сынып кетуі де ғажап емес. Әркімнің тұлғалық жетілуі барысында ол өзіндік тұлға ретінде жасаған таңдаулары шенберінен тыс қалыптасу жолында болуы да мүмкін және оны да лайықты денгейде өтуге тиісті, олардың тағдыр соқпағы, алуға тиісті асуы болатыны белгілі. Сондықтан ол да барлық адамдар үшін қажеттілігі мол Әмір мектебі болып табылады. Қазақ ойшылы М.Ж.Көпееев осы заңдылықты жақсы түсіне білген ойшылдардың қатарына жатады.

Эрине, бұл дуниедегі барлық қайшылықтардың шешімі бір сәтте, бір қадамнан табыла кетпейді. Әлемнің, тарихи субъектінің тарихи процесстегі даму заңдылығына сәйкес жетілудің өзіндік сатылары, кезеңдері мен бұрылыстары, қайшылықтары мен белестері болады. Ал әлеуметтегі, тұлғалық жетілу ауқымындағы биік шындарға тек шаршауды білмейтін, қайраты қандай істе болмасын қажымайтын, атқарған әрекетінің қоғамдағы тек әділеттілік үшін қызмет ететініне сенгендегі жандар ғана шыға алады. Оның дұрыс немесе бұрыстығына, нәтижесі иғілікті ме, әлде бір сәттік тез онып кетер әсірекызылдай дүние ме? Оны Уақыт деген үлкен сарапшы, Ақиқат деген қатаң сыншы өлшеуден өткізеді. Сонда ғана құндылықтардың шынайы бағасы, парқы белгілі болады. Оған дейінгі адами ізденістер сол ақиқаттың өлшеміне бір қадам болса да жақындағы түсуге тырысу болып табылады.

Әртүрлі драмалық оқиғаларға толы адамзаттың ұзынсонар тарихы бір қалыпты жолдан гөрі, бұраландаған қалтарыстарға толы соқпаққа ұқсайды. Оның бійгіне көтерілужолы түп-түзу сыйық болып жатпайды. Шынайы тарихында әрбір өркениеттің өзіндік ерекшеліктері, келбеті болғаны да анық. Қазіргі таңда тек қана Батыстың құндылықтары мен мәдени үлгілеріне ғана бас июнді өте сынаржақты әрекет екеніне күмән келтіруге болмайды. Адамзаттың барлық қауымдастыры тұтастанған метатарихты жасауға өз үлестерін қосты. Оны ғылыми жіктемелулерден өткізу барысында сатылық денгейлерге қойған иерархиялық бағалаулар берудің тиімді емес екенін ескерген жөн. Себебі, әрбір Әмір тәжірибесінің өзіндік құндылығы бар, жалпы әлемді рухани игеруге қосқан өзіндік үлесі болады. Соны барынша тиісті денгейде, сипатта бағалай білген жөн. Міне, сонда ғана кез келген тарихи тұлғаның, этникалық қауымдастырың өзіндік құндылығы, ерекше қасиеттері объективті сипатта бағаланады, орны көрсетіледі.

Жалпы, Шығыстың бай философиялық және әлеуметтік ойы, оның ішінде қазақ халқының философиялық-дүниетанымдық ойы батыстағыдай қалыптастасқан жүйелерде емес, поэзияда, фольклорда, ауыз әдебиетінде, мифологияда, мақал-мәттелдерде, қанатты сөздерде жатыр. Адам мен Әлемнің арақатынасын, адамның өзін-өзі тануы, сөйтіп өзін басқаға танытуы, тұлғаның Әмірдегі орны мен рөлін философиялық және этикалық тұрғыдан жан-жакты зерделеуге айрықша мән беру қазақ философиясының ерекше сипаты болып табылады. Бұл тұрғыдан келгенде қазақ философиясы – шығыстық философиядағы, ең алдымен, толық, рухани жағынан жетілген адам болу рухын қастерлеу мен зерделеу дәстүрін жалғастыра отырып, оны өзіндік мазмұнмен байытқан философия болып табылады.

Қазақ халқының тарихи және заманауи философиялық және әлеуметтік ойын зерттеуші ғалымдар осындағы ерекшеліктерді ескеріп, «ұлттық әдебиетті ұлттық философияның Әмір сұру сипаты» ретінде түсінгені, көркем әдебиет туындыларын салыстырмалы талдау әдісін колдана отырып зерделегені, жеке тұлғалардың поэтикалық мұрасындағы философиялық мазмұнды ашып көрсету үшін оны философиялық ойлау құралдары көмегімен қайта саралағаны дұрыс болар еді деген ойдамыз. XX ғасырдың басындағы қазақ даласына қазіргі уақыттағы жаңа заманың алғашқы

толқыны, өзіндік лебі келді, қазіргі тарихи кезеңнің алғашқы қарлығаштары орнығып, ұя сала бастады, яғни рухани дүниенің демократиялана бастауының, терендей тұсуінің алғышарттары орныға бастады, яғни тұғырылы ойлау еркіндігінің принциптері қоғамдық санада барынша рационалдық ұрықтар түрінде егіле бастады.

Қазақ ғұламаларының шығармашылығына терең дүниетанымдық, философиялық тұрғыдан көз жіберетін болсақ, олардың тұтастанған дүниеге көзқарасы қоғамның рухани әлемінің көптеген саласын қамтығанын, оларды бір-бірімен байланыста, ықпалдастықта қарастырғанын байқаймыз. Олардың шығармашылығы көбінесе энциклопедиялық келбетке ие болғаны байкалады. М.Ж.Көпесевтің жеке дүниетанымынан осындай өзіндік ерекшеліктер мен сипаттар көрініс береді. Оның дараланған тарихи тұлғасын педагогика мен психология саласы тұрғысынан қарастырған зерттеуші мамандар оның жан, киял, ойлау, бала мен үлкендердің қарым-қатынасы, бейғамдық және тағы басқа да психологиялық ұғымдарды зерделеуден өткізгенін атап өтеді [6, 272-273 бб].

Әрине, жан мәселесін тек әлеуметтік психология тұрғысынан ғана емес философиялық пайымдау тұрғысынан да қарастыруға болады. Түркілік және қазақ ойшылдары арасында бұл тақырыпқа назар салып, өз тұжырымдарын білдірген ойшылдарды атап өтуге болады. Әсірсе, әл-Фараби, Абай, Шәкәрім сияқты есімдерді атап өткен жөн. Қайырымды қала тұрғындарына арнаған трактатында әл-Фараби адам ғұмырында жандардың бір-біріне қатынасының маңызды екеніне назар аудартады [7, 45-68 бб]. Кейінгі тарихи кезеңдерде түркі даласының ойшылдары көтерген маңызды аксиологиялық ізденістер қазақ ойшылдарының шығармашылығынан да көрініс береді.

М.Ж.Көпесевтің ұстазы, алғашқы буын ағасы болған Абай Құнанбаев, «Мен мен менікіні» ажырата білу қажеттігін айта отырып адамның тәні мен жанының мәндік айырмашылығы бар екенін атап өткені белгілі. Жанның құдіреті адам өмірінің мәнін кіргізіп тұрғанына ақын жақын келеді. Шыныменде «Мен» мен «Менікіні» бір-бірімен ажыратпай, оларды бір-біріне абсолютті түрде таңып қойған пенде бұл дүниенің ұзактығын «бес-ақ күн деп ойлады», оның «жалған дүние» туралы түсініктері терендей береді. «Адамның барлық ғұмыры денесінің қуаты біткенінше екен» деп Ақиқат туралы терең мағлұматты білмегендіктен надандыққа ұрынады.

Шәкәрім болса жан мәселесіне терең назар аударып өзінің бұл мәселе бойынша тұжырымдарын таза философиялық трактаттағы нұсқалар ретінде ұсынады. Оның жанның әлеуметтік практикадағы көрінісі -ар-ұждан екенін дәлелдеуі - өзіндік шығармашылық келбеті бар экзистенциалдық философиялық пайымдауларға жатады. Ал, енді М.Ж.Көпесевтің «Аспан, жер адам жаратылысы туралы» деген енбегінде «Дене қаранғы үй. Жан сол үйдегі жарық қылыш тұрған бір сөүле. Эркімнің жаны бір қалыпта, бір түрде болмайды. Соңдай болған үшін айтылады: «Арық пен семіздің басы бір ме, жақсы мен жаманың жаны бір ме?»-дейді ... Алайда жан бар, дене бар. Екеуі бірінен-бірі жасырын емес. Адамның денесі өзіне де, басқа да көріністе тұр. Жан өзі көрінбейді. Бірақ белгісі көрінеді. Жанның барлығы сонынан танылады. Барлық белгісі – адамда бір нәрсені ойына салып ойлау бар, сезу бар. Ойланып сезген нәрсесін орындал, орнына келтіру бар. Жылынады, тынығады, бір нәрсені жақсы көреді, бір нәрсені жек көреді. Міне, осындайлар – жаның барлық белгісі... Денедегі серік болуға жарайтұғын нәрсе – кан» [6, 272-273 бб].

Ойшылдың адам жанының ерекше белгілері туралы айтылған ойлары өзірге гуманитарлық ғылымның бұл құбылысқа қатысты терең қатпаларына жете алмай келе жатқан, табиғаты толық анықтала қоймаған нысандардардың қатарына жатады. Ақын өзінің шығармашылығында жан негізінен алғанда адами сезімнің көрінісі екендігін айта келіп, сол жанының жетілуі үшін, кемелденуі үшін, тазаруы үшін барлық сезім мүшелірінің, мидың, ақылдың зор кешенді қызмет атқаратындығын орынды көрсете білген. Әрине, жаның сипаттын діндердің барлығы бергісі келеді. М.Ж.Көпесевтің түсінігіндегі адамның жан дүниесі мұсылмандық ұстанымдардан туындаиды.

Ол діншіл философ, XX ғасырдың басындағы қазақ зиялышарының көрнекті өкілі. Дегенмен, оның діншілдігі ерекше сипатта, яғни ол докторлық дәрежеде қалып қоймаған, үнемі шығармашылық ізденістегі, ғылым мен жаңашыл білімнің жетістерін ескеретін, жасампаз діншілдік болатын. Ол ғылымның, ғылыми танымның, психологиялық ұғымдардың қоғамдағы маңызын жете түсінеді және олардың әрқайсысына өзіндік ғылыми сипаттама беріп отырады. Сөйтіп, замандастарын жасампаздыққа, шығармашылыққа қарай үтітейді, өзінің нағыз ағартушы екенін білдіреді.

Сонымен, өткен ғасырдың басында өмір сүрген қазақ ойшылдары арасында өзіндік орны болған тарихи тұлға Мәшіүр Жүсіп Көпесевтің дүниетанымы өзіндік ерекшеліктерге толы. Ол қазақ қоғамындағы ұлттық дәстүр мен болмыстың інжү-жармандарын жинақтауда үлкен еңбек сінірді. Сонымен қатар ол өзінің діни-философиялық дүниеге қатынасын ерекше сипатта ернектей алған қоғам қайраткері. Жалпы белгілі гуманист тұлғаның өзіндік дүниетанымдық жүйесінің маңызды қырлары тарих философиясы тұрғысынан сараптаулар жалғасуда. Жасампаз тарихи тұлғалардың дүниетанымының негізін гуманистік ұстанымдар құрайды.

ӘДЕБИЕТ

- 1 Байтұрсынов А. Білім жарысы // Қазақ. – 1913.- 31 мамыр.
- 2 Аймауытов Ж. Шығармалар жинағы. 4-т. Алматы, Ғылым, 1998,- 446б.
- 3 Бейсенов Б.Қ. Мәшінүр Жүсіп Көпейұлының әлеуметтік философиясы. Философия гылымдарының кандидаты гылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы, 2002.- 206
- 4 Көпейұлы Мәшінүр Жүсіп. Таңдамалы. Т.1.Алматы:Ғылым, 1990.-274б.
- 5 Жұмабаев М. Жан соғыз. Өлеңдер мен дастандар. – Алматы, Раритет, 2005.- 256 б.
- 6 Көпееев Мәшінүр-Жүсіп // Психология: Энциклопедиялық сөздік/бас ред. Б.Ә.Жақып. Жоба авторлары Қ.Б.Жарықбаев, О.С.Оспанов. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011.-624б.
- 7 Әл-Фараби.Қайырымды қала тұргындарының көзқарастары// Мәдени мұра. Т.2. Жиырма томдық. Астана: Аударма, 2005.-528 б.

ӘDEBIET

- 1 Baytyrsynov A. Bilim zharysy // Kazak. - 1913. - 31 Mamyrov.
- 2 Aymauytov J. Shygarmalar zhinagy. 4-volume. Almaty, Gylym, 1998 - 446b. / 281 /
- 3 Beisenov B.Қ. Məshhyr Zhysip Kopeiylynyn əleumettik filosofiyasy. Philosophy gylymdarynyн candidates gylimi dərezhesin alu - ushin dayn dalgan dissertatsiyanyн abstracts. Almaty, 2002. - 20b / 8 /
- 4 Kopeiylı Məshhıyr Zhysip. Tandamaly. T.1. Almaty: Gylym, 1990.-274b. / 24 /
- 5 Zhymabaev M. Jean sozy: Өleñder dastandar myeon. - Almaty, Rarity, 2005. - 256 b. / 09.08 /
- 6 Kereev Mashhyr-Zhysip // Psychology Entziklopediyalyk sozdik / Bass Ed. B.Ә.Zhakyp. Zhoba avtorlary Қ.B.Zharykbaev, O.S.Ospanov. - Almaty: "Kazakh entsiklopediyasy", 2011.-624б.
- 7 Al Farabi Қайрымды қала тұргындарының kozkarastary // Madeni Mura. V.2. Zhiyuma tomduq. Astana Audarma, 2005.-528 b.

Резюме

Нурмуратов С.Е., Сатершинов Б.М. Особенности мировоззрения Машхур-Жусупа Копеева

Главной особенностью философского мировоззрения М.К.Копеева является егөрелигиозно-этическая окрашенность. В мировоззренческой системе мыслителя осмысливается противоречие между традиционализмом и модернизмом, мудрость для него выступает в качестве определяющего параметра духовного освоения мира и выражается в образных представлениях субъекта познания. Деятельность Машхур-Жусупа Копеева способствовала формированию нового этнического миропонимания казахского народа. Философия Машхур-Жусупа Копеева была проникнута размышлениями о духовно-практическом существовании казахов и их ценностным видением мира.

Summary

Nurmuratov S.E., Satershinov B.M. The features of MashkurZhusipKopeev's worldview

The main features of philosophical worldview of MashkurZhusipKopeev are a religious-ethical content. In worldview system of the thinker the contradictions between tradition and modernity are interpreted, which in turn led him to the comprehension of contradictions between heritage and renovation, soul and consciousness. Wisdom as a defining measure of spiritual acquisition and represented in image perceptions of the subject. MashkurZhusip's activity in his age contributed to the formation of new ethnical worldview of Kazakh people. It was penetrated by spirituality and value acquisition of the world.